
*Мектеп жасына дейінгі
балаларда қарапайым
математикалық ұғымдарды
қалыптастыру бойынша
ойындар*





Орыс педагогы ***В.А. Сухомлинский***: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін де емес»-дейді.

Дидактикалық ойын –
балалар үшін оқу да, еңбек
те. Ол балаларға өмірде
кездескен
қиыншылықтарды жеңу
жолын үйретіп қана қоймай,
ұйымдастырушылық
қабілетін қалыптастырады.



Дидактикалық ойын туралы жасалатын тұжырым:

ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді;

ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі;

эстетикалық тәрбие беру құралы;

еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді;

дене күшінің жетілуіне көмектеседі;

Геометрия ойлау

қабілеттерін дамыту үшін
ең күдіретті құрал болып
табылады және бізге дұрыс
ойлап, ой қорытындылауға
мүмкіндік береді.

Галилео Галилей



Ересек мектепке дейінгі жастағы балаларды геометриялық түсініктермен таныстыру бойынша жұмыс үш бағыт бойынша жүргізіледі:

1. Оқу-танымдылық бағыты.

Ол белсенді педагогиканың базалық әдістерін қолдануда табыс, таңдану, сенімділік және оқытудың белсенді формалары мен әдістерін кіргізеді:

- дәстүрлі (көрме, түсіндіру, ойын)
- жіті (интенсивный) (тірек-сызба, кестелер)
- бағдарламалық (эксперименттер, проблемалық жағдайлар)

2. Коммуникативті-дамытушы бағыт балалар іс-әрекетіндегі математикалық ойындардың құрылымын, сонымен қатар тапсырмаларды ұжымдық және топтық орындауды сипаттайды. Ойындар: «Қандай фигуралар жасырынған?», « Нүктелер түйіссе не шығады?», «Өрмекші және тор», «Көлемді фигуралар шеберхана».

3. Әлеуметтік-бағдарлау бағыттар тақырыптық бағыттағы ойын-жаттығуларды кеңістікте бағдарлау, серуен, саяхатты меңзейді. Мысалы, «Нүкте қайда өмір сүреді?», «Геометриялық ғаламшар», «Геометрия еліне саяхат».

Мектеп жасына дейінгі балаларға математиканы үйретудегі қолданылатын ойындар мен жаттығулар балалардың ақыл – ойының дамуын екі бағытта: *логикалық білімді қалыптастыру және ақыл-ойды жетілдіруге арналған тапсырмалар* бойынша жүзеге асады.



Математиканың логикалық ойындарының

негізгі міндеті – кішкентай адамды дамыту, оның бойында бар және анықталған қасиеттердің түзетілуі, оны шығармашылық, ізденіс әрекетіне айналдыру. Бір жағынан еліктеуге мүмкіндік беріледі, ал екінші жағынан- қиялдауға және жеке шығармашылығына алаңқай беріледі. Осындай ойындардың арқасында балада барлық психикалық қызметтер дамиды, ойлау операциялары, құрастыруға үлгілер жасау қабілеттері дамиды, математикалық ұғымдары қалыптасады.

Балаларға арналған сіріңкемен басқатырғыштар ойыны көп, бірақ балаларды қалай қызықтыруға болады және неден бастауымыз керек? Бұл ойындар — кеңістікті бағдарлай, ойлау және логиканы дамытуға арналған.



Сіріңкемен логикалық тапсырмалардың көптеген плюстары бар:

1) мұндай ойындарға қарапайым заттардан жасауға болады, мысалы ол шөп немесе таяқша, бұтақ, санамақтар болуы мүмкін және т.б.

2) Бұл ойындар барлық жағдайға келеді. Көпшілікке және үй ішінде отбасылық ойнауға болады.

3) Бұл ойындарды ойнау арқылы, балалар логикасын, есте сақтау, етілігін, қиялын, құрастыру және бейнелі ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Қорытындылай келе, математикалық ойын әрекеті арқылы баланың дағдысын дамытып, көңіл-күйін және баланың тілін дамытумен қатар логикалық математикалық тапсырмалар мен жаттығуларды орындауға деген қызығушылығын қалыптастырып, оларды сергіте, қуанта отырып, белсенді әрекетке жұмылдырамыз. Математикалық ойындар арқылы баланың дербестігін жетілдіру, бұндай ойын түрін қолдану арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру. Қай жас топтарын алсақ та балабақша қабырғасындағы жүргізілетін ойындар балалардың ақыл-ой, санасының дамуы мен өсуіне бағытталуы тиіс.